# Тағылымға толы туынды

**Марат Түсіптің туған ауылы Ақбауырға арналған кезекті «Тоқатай баба және оның ұрпақтары» тарихи шежірелі кітабы көп жыл жинақталып, 2024 жылы жазылып, жарыққа шықты.**




Көлемді тарихи деректерді зерттеуге арналып, «Сөзбасы» аталған тарауында «Тоқатай баба және оның ұрпақтары» кітабының «Қарқаралы кезеңінен» басталып, «Шет кезеңі» хақында архив көздерімен аяқталғаны жөнінде хабар береді.

Келесі,«Сөз соңы немесе Сырласу», «Зерттеулер, ойлар» тарауында өзімен қатар төрт автордың мақалаларын жинақтап жазған. Олар - Кәріғұл Нұғманұлы, Совет Қабылдин, Танас Нұғымановтың шығармалары ертерек жарық көргенін білдіреді. Осы жақын ағайындылардың қаламы ұштасып, баба ұрпақтарына әлі күнге тамыздық болып келеді.

Көрген жанның көзі тоятындай етіп безендірілген кітапта түрлі - түсті форматтағы фотогалерея да туған жердегі жер - су атаулары, сұлу орындар көрініс тапқан.

Ал, келесі бөлімді әке - аналарға, аға мен апаларға арнап, «Үлкендер, сіздерге кім жетер?» - деп атапты.

«Атақоныс - құтты ырыс, рухани мұра әрі қазына», «Өмірдеректер» атты энциклопедиялық бөлімінде ауыл азаматтары, Тоқатай бабадан тараған ата ұрпақтарымен (ата атаулары - «Баян ата», «Тілеуғабыл ата», «Жанғабыл ата», «Дөңгелек ата» тармақтарының) қатар шежіре түрінде жүйелі көрсетіліп, белгіленген.

Кітап авторы Марат Исабекұлы, кейінгі он жылда Ақбауырға, яғни, туған өлкесіне деген перзенттік сезімін бір емес, бірнеше ісімен дәлелдеді.

Ол 2015 жылы Ақбауырдың 100 жылдығына арнап, «Ғасыр ғұмырлы Ақбауыр» атты (2015 ж.) алғаш өлкетану тақырыбында кітап жазды. Осы мерейтой аясында біршама шаруа тындырып, үлкендердің батасын алып, соңына ерген бауырларына үлгі бола білді.

Кейін автордың шығармашылық ойы кең өріс алып, үш әдеби - танымдық, философиялық ой пысықтаған «Ғұмыржазба - өткенге саяхат», «Хадис, тәмсіл - ғибраты кәміл» (2018 ж.) сынды қос әңгіме-жырын төкті. Ол кітаптар жүздеген данамен басылып, таралған. Абайтану жолында қажымас еңбек етіп, «Абай сөзі - даналық көзі» философиялық - танымдық еңбек шығармасын да жарыққа (2020 ж.) шығарды.

Ал, «Тоқатай баба және оның ұрпақтары» атауымен 250 бет болып шыққан қолыңыздағы кітап, 300-ден астам баба ұрпақтарының отбасыларына таратылды.

**Серік МҰСТАФИН,**
**Саран қаласының тұрғыны**

Орталық Қазақстан. - 2025. - 22 ақпан (№21). - 8 б.